

Г.Д. Нұрбекова, Л.А. Дүйсева, Ж.М. Алова

*Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан*

(E-mail: gul.nj@mail.ru, zhale.alove@gmail.com, duyseeval@mail.ru)

Бағалау – техникалық білім беретін оқу орнының бірінші курс студенттерін шетел тілін үйренуге ынталандыру құралы ретінде

Аңдапта. Авторлар ұсынған ғылыми мақаланың мақсаты техникалық университеттің бірінші курс студенттерін шет тілін үйренуге ынталандыру құралы ретінде бағалауды талдау, сондай-ақ бағалау арқылы ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын арттыру мәселесін талқылау болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде бағалау оң да, теріс те оқушылардың мотивациясы мен қызығушылығына әсер ететіні, сондай-ақ олардың әрекеттері мен мінез-құлқына түрткі болатыны көрсетілген. Бағалау-бұл жеке тұлғаның дамуына әсер ететін күшті білім беру құралы, Егер студенттің мұғалімге деген сенімі болса, объективті бағалау тиімді, мұнда мұғалімнің жеке басы, жалпы ұстанымы, топпен қарым-қатынас стилі, психологиялық жайлылық атмосферасын құру мүмкіндігі шешуші рөл атқарады. Бұл мәселені шешу үшін авторлар объективті бағалауды мотивацияны ынталандыру және олардың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыру тәсілі ретінде қарастырады, сонымен қатар Satbaev University студенттерінің білімін бағалау тәжірибесімен бөліседі.

Түйін сөздер: Техникалық университет, ағылшын тілін үйренуге ынталандыру, бағалау және бағалау, ынталандырушы факторлар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-170-174>

Кіріспе

Шетел тілін оқыту үрдісінде бағалау мәселесі көптеген ғылыми еңбектерде талқыланып өз шешімін тауып жатқанына қарамастан, өзектілігін жоғалтпайтын және әрдайым жаңа ізденістер мен толықтырылуды талап ететін мәселе екеніне дау жоқ.

Ұсынылып отырған ғылыми мақаланың мақсаты - бағалауды техникалық білім беретін оқу орнының бірінші курс студенттерін шетел тілін үйренуге ынталандыру құралы ретінде талдау және студенттердің білімін дұрыс бағалау арқылы олардың шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін оқуға деген ынтасын арттыру мәселесін талқылау болып табылады.

Техникалық білім беретін оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда туындайтын ең бірінші мәселе ол сағат санының шектелуінде болмақ, яғни болашақ мамандарға аптасына ағылшын тілін оқуға бөлінетін сағат көлемі оқу бағдарламасында берілген материалды меңгеруде қиындық туғызуы мүмкін. Сондай-ақ кей студенттердің пәнге деген жеке көзқарасы, немесе жеке ерекшеліктеріне байланысты қызығушылық деңгейлерінің төмен болуы да түрлі қиындықтар туғызады. Мысалы, студенттерде ағылшын тілінен білімнің жеткіліксіз болуы, нәтижесінде сол пәннен төмен баға алу сияқты және басқа да салдарға әкелуі мүмкін. Аталған мәселені шешуде студенттердің ағылшын тілін оқуға деген құлшынысын оятып, қызығушылығын арттыруда олардың білімдерін бағалау маңызды тәсіл болмақ.

Бағалау төңірегінде көптеген пікірталастар, сонымен бірге білім алушыларды шынайы білім мен құзіреттілікке бағыттайтын бағалау жүйесін жетілдіруде көптеген ғылыми ізденістер бар. Ғылыми әдебиеттерде бағалау, ол оң немесе теріс болса да, студенттердің ынтасы мен қызығушылықтарына әсер етеді, сондай-ақ олардың әрекеті мен мінез-құлқына да түрткі болады деп көрсетіледі. Бағалау – жалпы тұлғаның дамуына әсер ететін күшті тәрбие құралы. Демек, бағалау бала өмірінің барлық салаларына әсер етіп, оның басқалармен қарым-қатынасын реттеп, болашаққа жоспар құруға көмектеседі. Бағалаудың әсері білім алушының мұғалімге деген сенімі болса тиімді болады, мұнда мұғалімнің жеке басы, оның үміті, жалпы ұстанымы, топпен қарым-қатынас стилі, психологиялық жайлылық атмосферасын құру қабілеті де шешуші рөл атқарады деп көрсетіледі [1].

Дидактикадағы «бақылау», «тексеру», «бағалау» сияқты терминдердің мағынасын ұстанатын болсақ, олардың жиі синоним ретінде қолданылып, бірін-бірі толықтырып тұратынын байқаймыз. Оқыту нәтижелерін немесе бақылауды тексеруге келетін болсақ, бұл терминдер әдетте педагогикалық диагностика ретінде қарастырылады. Дидактикадағы бағалау әдетте білім алушының қол жеткізген деңгейін оқу жоспарында сипатталған анықтамалық көріністермен салыстыру процесі ретінде түсініледі. Процестің өзіне келетін болсақ, білім, білік және дағдыларды бағалау соңғысын бақылау немесе тексеру кезінде жүзеге асырылады. Бағаның шартты түрде қабылданған рефлексиясы әдетте ұпаймен көрсетілетін баға болып табылады [2].

Осы мәселені зерттеуші В.А.Евтушевский, К.К.Сент Хилер және т.б. ғалымдар таңбалау жүйесін жақтаушылар болып табылады. Олар ұпайлар мен бағалар білім алушыларды оқу іс-әрекетінде бәсекеге итермелейтін ең қарапайым және тиімді ынталандыру құралы деп есептейді. Студенттердің білімін мұғалімнің немесе өздерінің бағалауы шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттырудың бір жолы болып табылады деп көрсетеді, яғни бағалау тіл үйренушілердің ынтасының артуына, соның нәтижесінде білімін жетілдіруге ұмтылуына тиімді ықпал етеді. Кез-келген оқу үрдісінің соңғы және маңызды кезеңі, мейлі ол жарты жылдық, оқу жылы немесе белгілі бір материал бөлімі болсын, студенттердің қол жеткізген нәтижелерін бағалау студенттер үшін маңызды болып табылады.

Студенттердің шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттыру мәселесіне арналған соңғы зерттеулер әр түрлі елдерде бұл мәселені шешу жолдарының бірі олардың оқу үрдісіндегі әрекеттерін шығармашылықпен бағалау болып табылатынын көрсетеді. Кез-келген білім беру процесін бағалаудың екі негізгі себебі бар: бағалау мұғалім үшін сындарлы кері байланыс ретінде, сонымен қатар оқушы құзыреттілігінің өлшенетін көрсеткіші ретінде пайдаланылуы мүмкін [3, 369].

Шетелдік ғалымдар Л.Ченг пен Дж.Фокс оқыту үрдісінде бағалауды «оқыту үшін бағалау» және «оқуды бағалау» деп екіге бөледі. Оқуды бағалауда дәстүрлі түрде әдетте академиялық семестрдің немесе оқу жылының соңында өткізілетін және оқуға шамалы немесе мүлдем әсер етпейтін әкімшілік мақсаттарға арналған классикалық үлгідегі тест түрлерін пайдаланады. Оқыту үшін бағалау «оқушылардың оқу үрдісінде қай жерде екенін, қайда бару керектігін және оған қалай жақсы жету керектігін шешу» үшін оқу үдерісі барысында жүзеге асырылды. Онда оқытушылар да, студенттер де қатыстырылады, оның рөлі оқу мен оқыту үрдісінің әлді және әлсіз жақтарын анықтау болып табылады [4].

Ғалым А.Ли кәсіби ағылшын тілін оқыту контекстіндегі бағалаудың одан да нақты көрінісін «оқыту үшін бағалаудың құрамдас бөлігі» ретінде анықталған «оқыту ретінде бағалау» деген жаңа терминді енгізуді ұсынады. Бұл жағдайда білім алушылар бағалау мен оқу үрдісі арасындағы дәнекер ретінде қарастырылады және бағалауда шешуші рөл атқарады. Бұл үдеріс «Оқытудың студенттерді өз ойлау процестерін бақылауға және реттеуге қалай ынталандыратынын бағалау және олардың өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттырудың маңыздылығын атап өтеді» [5,36].

Зерттеуші В.С.Аванесов өз еңбегінде бағалауды дидактика бөлімінде ғана емес, оқу үрдісін басқару мүмкіндігі ретінде қарастыруды ұсынады [6]. Ғалымның пікірінше, бағалаудың мақсаты:

- бағалау процедурасы туралы жағымды әсер қалдыру және оқуда табысқа қол жеткізуге ынталандыру;

- студенттердің тілдік құзіреттіліктерін анықтау; Сондай-ақ ғалым бағалау үрдісіндегі студенттердің де атқаратын қызметтерінің маңызды екендігін көрсетеді: олар білім алушы тарапынан айтылған сын ескертпелерге орай жұмыс жасауға және оқу үрдісінде жоғары нәтижеге қол жеткізуге ұмтылуға міндетті болу.

Біздің пікірімізше, бағалау білім алушының бұрынғы жетістіктері мен нәтижелерімен салыстыруға негізделген шынайы болуы керек, өйткені тек стандарттарға негізделген қарапайым салыстырудан гөрі тіл үйренушінің өзіне қатысты үлгерімін салыстыру әлдеқайда орынды. Дәл осы бағалау тек студенттердің шетел тілін үйренуге деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыруға ықпал етеді.

Әрі қарай оқуды жалғастыруға деген ұмтылыс және соның нәтижесінде білім берудің бүкіл нәтижесі бақылау мен бағалаудың қаншалықты дұрыс ұйымдастырылғанына байланысты екені сөзсіз. Басқаша айтқанда, бағалау – оқытудың барлық кезеңдерінде студенттерді шетел тілін меңгеруге ынталандырудың маңызды құралдарының бірі. Егер «бағалау» және «баға» ұғымдарының мағынасын салыстыратын болсақ, онда олардың бірдей еместігі байқалады. Баға – әрбір жеке оқушының білім дәрежесін көрсету мақсатында мемлекеттік стандарттармен белгіленетін баллдық көрсеткіш. Бағалауды тіл үйренушілер жұмысының нәтижелерін, еңбекқорлығын, талпыныстарын, күш-жігерін ауызша сипаттау деп атауға болады. Ал баға осы бағалаудан шығуы керек, баға қою оқушылардың дағдыларын бақылау және бағалау процесінің табиғи нәтижесі болуы керек. Баға көбінесе бақыланатын дағды критерийлерінің әрқайсысының ұпайларынан жинақталған жалпы баллмен көрсетілетін сандық сипаттама болып табылады. Дегенмен бағалау және баға қою кезінде мұғалім түрлі мәселелерге кезігуі мүмкін. Алайда ең бастысы, бағалау векторын сыртқы бақылауға назар аударудан оқу жетістіктерін (оқу нәтижелері) жақсартуға, сондай-ақ студенттердің шетел тілін үйренуге қызығушылығын (мотивациясын) арттыруға қарай бағыттау керек.

Студенттерді бағалау кезінде әртүрлі бағалау құралдары мен тәсілдерін қолдану қажет. Мұғалім бағалаудың барлық түрлерін барынша тиімді түрде шебер біріктіру үшін жеткілікті білікті болуы керек, яғни бағалау түрлері келесідей жіктеледі:

- ресми бағалау (бағалау)
- бейресми бағалау (мадақтау)
- өзін-өзі бағалау (немесе топтық бағалау) [7, 173].

Білім берудің бастапқы кезеңінде мотивациялық мақсаттардың мағыналы мақсаттардан маңыздырақ болатынын ескерсек, онда бірінші курс студенттері оқуға ынтасын арттыру мақсатында бағалаудың жоғарыда аталған түрлерін орынды қолдану шарт.

Сәтбаев университетінде студенттің тілдік білім деңгейін бағалау түрлі сипатта жүзеге асырылады. Мысалы, үздіксіз бағалау, студенттердің күнделікті сабақ барысында және үй тапсырмасы ретінде жасаған жұмыстарының оқытушы тарапынан тексеріліп, қадағалануы. Мұндай тапсырмаларға қойылатын балл көрсеткіштер оқу бағдарламасында арнайы бекітілген бағалау критериясы бойынша жүзеге асырылады. Ресми бағалау (формальді бағалау) студентке тест немесе бақылау жұмысы және т.б. арнайы тапсырма беру арқылы оның қаншалықты жетістікке жеткені жайлы ақпарат бөлісу арқылы сипатталады. Әр оқу семестрінің 8-аптасында өткізілетін аралық бақылау жоғарыда аталған бағалау түріне жатады. Сонымен бірге бейресми бағалау/формальді емес бағалау түрі де қолданылады, яғни ешқандай арнайы тест өткізбей-ақ оқытушы оқу бағдарламасын студенттердің қандай деңгейде қабылдап жатқанына талдау жасау арқылы бағалай алады. Бағалаудың келесі түрі – студенттердің бір-бірін өзара бағалауы, яғни топтағы студенттер бір-бірінің жұмыстарына баға береді. Бұл бағалау түрі әдетте әртүрлі себептерге байланысты объективті бола бермейтінін атап өту керек. Ал, семестр соңында курсты аяқтағанда арнайы баға алу үшін қорытынды бағалаудың ролі зор екені баршаға аян.

Жоғарыда аталған бағалау барысында оқытушылар міндетті түрде курс бағдарламасы

қарастырған бағалау критериясына жүгінеді. Дегенмен де, орындалатын тапсырмалардың түріне қарай бағалау барысында объективтік және субъективтік көзқарас орын алатыны заңдылық екені рас. Мысалы, студент жауабы нақты (дұрыс-бұрыс көздемейтін) болса, яғни интервью беру, оқыған мәтіннен үзінді айтып беру және т.б. ауызша тапсырмалар жасағанда оқытушы көбіне субъективті бағалауға жол беруі мүмкін. Осындай жағдайларда оқытушы студентті бағалау кезінде оның бұрынғы жетістіктері мен белсенділігін алға тартып, мүмкіндігінше жоғары баға беруге тырысады.

Қорыта айтқанда, бағалау тиімді және жан-жақты болуы керек. Ол объективтік көрсеткіштерге негізделі отырып, қорытынды бағаны анықтау процесін дұрыс ресімдеуге мүмкіндік беріп, кері байланысты қамтамасыз етуі тиіс. Бұл аталғандар студенттерді шетел тілін үйренуге ынталандырады және өз кезегінде мамандарды даярлау сапасын арттырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Банщикова Э.В. Влияние оценок на развитие личности студента [Электрон. ресурс] – URL: http://lomonpansion.com/articles_2_3282.html. (қарастырылған күні: 25.02.2022).
2. Пинская М. А. Формирующее оценивание: оценивание на уроке: учебное пособие. – Москва: Логос, 2010. – 264 б.
3. Рус Д. Методы оценивания в обучении английскому языку для специальных целей студентов инженерных специальностей. *Procedia Manufacturing*, 2019. – Б. 368-373.
4. Cheng L., Fox J. *Assessment in the Language Classroom*. Macmillan Education, London. – 2017. – P. 264.
5. Lee I. *Classroom writing assessment and feedback in L2 school context*. Springer, Singapore. – 2017. – P. 157.
6. Аванесов В.С. *Основы научной организации педагогического контроля*. – Москва, 1998. – 167 б.
7. Бойцова Е. Г. Формирующее оценивание образовательных результатов учащихся в современной школе // *Человек и образование*. – 2014. – № 1 (38). – Б. 171–175.

Г.Д. Нурбекова, Л.А. Дүйсеева, Ж.М. Алова

*Казахский национальный исследовательский технический университет им. К. И. Сатпаева,
Алматы, Казахстан*

Оценка как средство мотивации первокурсников учебного заведения технического образования к изучению иностранного языка

Аннотация. Целью представленной авторами научной статьи является анализ оценивания как средства мотивации студентов первого курса технического вуза к изучению иностранного языка, а также обсуждение вопроса повышения их мотивации к изучению английского языка посредством оценивания. В научной литературе показано, что оценка как положительная, так и отрицательная, влияет на мотивацию и интересы учащихся, а также мотивирует их действия и поведение. Оценка является мощным образовательным инструментом, влияющим на развитие личности в целом, объективное оценивание эффективно, если у студента есть доверие к преподавателю, где решающую роль также играют личность преподавателя, общая позиция, стиль общения с группой, умение создать атмосферу психологического комфорта. Для решения этой проблемы авторы рассматривают объективное оценивание как способ стимулирования мотивации и повышения их интереса к изучению английского языка, также делятся опытом оценки знаний студентов Satbaev University.

Ключевые слова: технический вуз, мотивация к изучению английского языка, оценивание и оценка, мотивирующие факторы.

G.D. Nurbekova, L.A. Duyseeva, J.M. Alova

K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan

Assessment as a means of motivation of the first-year students of technical education institution to learn a foreign language

Abstract. This article is aimed at analyzing an assessment as a means of motivating first-year students of a technical university to learn a foreign language, as well as to discuss the issue of increasing their motivation to learn English through assessment. According to some research sources, both positive and negative evaluation can affect the motivation and interests of students, and also motivate their actions and behavior. Assessment is a powerful educational tool that affects the development of the individual as a whole; objective assessment is effective if the student has confidence in the teacher, whose personality, general view, communication style with the group and the ability to create an atmosphere of psychological comfort also play a decisive role. To solve this problem, the authors consider objective assessment as a way to stimulate motivation and increase their interest in learning English, and share their experience in assessing the knowledge of Satbayev University students.

Keywords: technical university, motivation to learn English, assessment and evaluation, motivating factors.

References

1. Banshchikova E.V. Vlijanie ocenok na razvitie lichnosti studenta [Influence of assessments on the development of student's personality]. Available at: http://lomonpansion.com/articles_2_3282.html. [in Russian]. (accessed 25.02.2022).
2. Pinskaya M. A. Formirujushhee ocenivanie: ocenivanie na uroke: uchebnoe posobie [Formative evaluation: evaluation on the lesson: textbook]. (Moscow, Logos, 2010, 264 p.), [in Russian].
3. Rus D. Metody ocenivaniya v obuchenii anglijskomu jazyku dlja special'nyh celej studentov inzhenernyh special'nostej [Assessment methods in teaching English for special purposes to engineering students]. Procedia Manufacturing, 2019. P. 368-373, [in Russian].
4. Cheng L., Fox J. Assessment in the Language Classroom. Macmillan Education, London. 2017. P. 264.
5. Lee I. Classroom writing assessment and feedback in L2 school context. Springer, Singapore. 2017. P. 157.
6. Avanesov V.S. Osnovy nauchnoj organizacii pedagogicheskogo kontrolja [Fundamentals of scientific organization of pedagogical control]. (Moscow, 1998, 167 p.), [in Russian].
7. Boytsova E.G. Formirujushhee ocenivanie obrazovatel'nyh rezul'tatov uchashhihsja v sovremennoj shkole. Chelovek i obrazovanie [Formative assessment of students' educational results in a modern school. Man and Education]. 2014. No. 1 (38). P. 171-175, [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрбекова Г.Д. – п.ғ.к., Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан.

Дүйсеєва Л.А. – аға оқытушы, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан.

Алова Ж.М. – оқытушы, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан.

Nurbekova G.D. – Candidate of Pedagogical Sciences, K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan.

Duiseeva L.A. – Senior Lecturer, K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan.

Alova Zh. M. – Lecturer, K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan.